







# Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

# Психологияның нысаны, пәні мен әдіснамалық негіздері

**Орындаған: Қадырханова Ж.Ж**
6М011600-
география
1 курс
магистранты

**ЖОСПАРЫ:**

1. Психология ғылымы туралы түсінік
2. Психология ғылымының пәні, мақсаты мен міндеті
3. Психология ғылымының даму тарихы
4. Психология ғылымының салалары
5. Психологияның әдіснамалық негіздері

**Адамның ішкі жан дүниесін, оның сырттай болмыспен өзара ықпалдастық байланыстарының жалпы заңдылықтарын зерттеумен арнайы ғылым – психология (грек.psiche-жан, logos-ғылым) айналысады.**



- **Психология өз алдына ғылым ретінде XIX хасырдың 60 ж. бөлініп шықты.**

- **1879 ж. Лейпцигте Вундт алғаш рет дүние жүзінде экспериментальды психологиядан лаборатория ашты.**

- **Психология терминін неміс философы Христиан Вольф кіргізді.**

- **Психология термині грек сөзінен шыққан: psyche – «жан», «психика»; logos – «ғылым»**

**ПСИХОЛОГИЯ - психиканың дамуы мен әрекетке келуі және оның көрінісінің жеке-дара типологиялық ерекшеліктері жөніндегі, сонымен бірге адамның қоршаған ортамен өзара ықпалдасты байланыстарының жалпы заңдылықтары туралы ғылым.**

# Психология пәні:

- іс-әрекет субъекті ретіндегі адам;
- өзін өзі реттеуіне қажет тұлғаның жүйелі өз сапалары;
- адам психикасының қалыптасуы мен әрекеттік қызметке келу заңдылықтары;
- адамның болмысты бейнелеу қабілеттері және оны тануы;
- соның нәтижесінде өзінің сырттай дүниемен өзара ықпалдасты байланыстарын реттей алуы.

# Психологияның негізгі міндеттері:

- психикалық құбылыстарды сапалық тұрғыдан зерттеу;
- психикалық құбылыстардың физиологиялық тетіктерін зерттеу;
- психикалық құбылыстардың қалыптасуы мен даму барысын талдау;
- психологиялық білімдерді адам өмірі мен іс-әрекетіне жоспарлы ендіруге жәрдем ету.

# Психологияның негізгі даму кезеңдері

**I кезең.** Психология **жан** туралы ғылым.

**II кезең.** Психология **сана** жөніндегі ғылым.

**III кезең.** Психология **әрекет-қылық** жөніндегі ғылым.

**IV кезең.** Психология шынайы заңдылықтарды, **психика** көріністері мен тетіктерін зерттеуші ғылым.

# Психология кезеңдері



Жан адам өміріндегі түсініксіз пайда болған құбылыс деп түсіндірді.

XVII ғасырдағы жаратылыстану ғылымдарының дамуымен сәйкес келеді. Ойлауға қабілеттілікті, сезінуді, уайымды сана деп түсінді. Негізгі оқыту әдісі адамның өзін-өзі бақылауы және фактілерге сүйену деп санады.

XX ғасырдан басталды. Психологтардың мақсаты – адамдардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, реакцияларын бақылау болып табылды.

Дүниеге материалистік көзқарас бойынша ұйғарым жасады.

# Психологиянығ басқа ғылымдармен байланысы

ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯ

ФИЗИОЛОГИЯ
АНТРОПОЛОГИЯ

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР

МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМЫ

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР

## Психология салалары

**Жалпы психология**
**Әлеуметтік психология**
**Педагогикалық психология**
**Жасөспірімдер психологиясы**
**Инженерлік психология**
**Көркем әдебиет пен ғылыми шығармашылыққа қатысты психология**
**Спорт психологиясы**
**Заң психологиясы**
**Әскери психология**
**Медициналық психология**
**Басқару психологиясы**
**Салыстырмалы психология**
**Арнайы психология**
**Патологиялық психология**
**Парапсихология**

Психология салалары

**Психологияның негізі – жалпы психология. Бұл саланың атқаратын қызметі: психиканың жоғары жалпыланған заңдарын, заңдылықтары мен тетіктерін зерттейді.**


Жалпы психологияның құрылымы
Психологияның таным процесі
Психологияның қасиеттері
Түйсік
Қиял
Қабылдау
Зейін
Ойлау
Ес - Елес
Сөйлеу
Эмоция
Ерік
Темпера
мент
Қабілет
Сезім
Мінез

**Әлеуметтік психология** - адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады. Бұл сала адамдардың белгілі бір негізде ұйымдасқан топтары мен кездейсоқ топтары арасындағы өзара қарым-қатынастағы психологиялық құбылыстардың сырын зерттейді.

Бұл мәселелердің құрамына жалпы бұқаралық байланыстар: радио, теледидар, баспасөз т.б. кіреді. Әр түрлі топқа жататын адамдарға осы құралдар арқылы алуан түрлі хабарлар, көпшілікке тән талғамдар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, иланулар мен сенімдер, қоғамдық көңіл-күйлер жайлы әсер етудің психологиялық астарлары жеткізіледі.

**Педагогикалық психология - адамға білім және тәрбие берудің психологиялық заңдылықтарын зерттейді.**

**Тармақтары:**

- **оқыту психологиясы**
- **тәрбие психологиясы**

**ЕҢБЕК ПСИХОЛОГИЯСЫ - адамның еңбек ету әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастырудың психологиялық аспектілерін зерттейді және психология ғылымының жеке саласы**

# Еңбек психологиясы

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**Спорт психологиясы** - спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырыды.

Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін зерттейді.

Психологиялық даярлығын іздестіре келе, оларды жаттықтыру және күш-қуатын жинақтау деңгейін, жарыстарды ұйымдастыру, өткізу мәселелерінің психологиялық факторларын зерттейді.

**Заң психологиясы - құқыққа қатысты мәселелерді реттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді.**

***Сот психологиясы:*** *сот, айыптаушылар, куәлар, сот тергеуін жүргізу, олардан жауап алу тәрізді т.б.*

***Қылмыс психологиясы:*** *қылмыскердің жеке басы мен оның зиянды әрекеттерінің сырын ашады.*

***Еңбекпен түзету психологиясы:*** *тұтқындағы адамдарды сендіру не күштеп істету арқылы қайта тәрбиелеудің жолдарын қарастырады.*


ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯ

**Медициналық психология** - дәрігердің іс-әрекетінің және аурудың мінез-құлқының аспектілерін зерттейді.

**Медициналық психология бөлімдері:**



Салыстырмалы психология – психиканың филогенетикалық түрлерін қарастырады. Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді.

# Арнайы психология



# Психологияның негізгі әдіснамалық принциптері

Заттасқан болмыстағы психикалық құбылыстардың себеп-салдарлылығын мойындау.

Психикалық құбылыстарды танудың генетикалық бағытын ұстану және оларды даму үдерісінде зерттеу.

Психика мен іс-әрекеттің ажыралмас бірлікте болатынын қолдау.

Адам психикасын биологиялық және әлеуметтік жағдаяттардың бірлігін ескерумен зерттеп бару.

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Сәбет Бап-Баба. Психология негіздері: оқу-анықтамалық қолданба. –Алматы: “Нұр-пресс”, 2007.-106б.
2. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық. – Алматы: “Дәуір”, 2012.-492б.
3. Тәжібаев Т.Т. Жалпы психология. Алматы, 1993.